

2024 жылғы «Қазақстан халқына» ҚҚ Қамқоршылық кеңесінің жұмысы туралы ақпарат

2024 жылғы 15 ақпандағы жағдай бойынша Қамқоршылық кеңестің 2 бетпе-бет отырысы өткізілді.

Қамқоршылық кеңес 10 мәселе бойынша қарап, шешім қабылдады.

Қамқоршылық кеңеспен қабылданған шешімдер:

Қамқоршылық кеңестің 25.01. 2024 жылғы бетпе-бет отырысы (№50 хаттама)

1. Қамқоршылық кеңес мүшесі - А.К. Кусаиновтың өз бастамасы бойынша Қамқоршылық кеңес мүшесінің өкілеттігін тоқтату туралы арызын қарағаннан кейін, «Қазақстан халқына» ҚҚ Жарғысының 5.1-тармағына және 5.8-тармақтың 10-1) тармақшасына сәйкес Қамқоршылық кеңесінің мүшесі – Абельгази Калиакпарович Кусаиновтың өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылданды.

2. «Қазақстан халқына» ҚҚ Қамқоршылық кеңесінің мүшесі болып - Серик Турарович Сейдуманов сайланды.

3. «QH ұлттық ғылыми онкологиялық орталықты органдарды трансплантациялауға арналған жабдықтармен қамтамасыз ету» қайырымдылық жобасы бекітілді.

4. Қордың 2023 жылғы сыртқы аудитін жүзеге асыру үшін аудиторлық ұйым – «Эрнст энд Янг» ЖШС анықталды.

5. Мониторингтік есептер назарға алынды:

- «Тірек-қимыл аппараты бұзылған балалардың роботтандырылған құралдармен (экзоскелеттермен) қамтамасыз ету» қайырымдылық бағдарламасы бойынша;

- 2023 жылғы Төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккендерге көрсетілген қайырымдылық көмек бойынша.

6. «Қазақстан халқына» ҚҚ ішкі аудит қызметінің 2023 жылғы қызметі туралы есеп назарға алынсын. «Қазақстан халқына» ҚҚ ішкі аудит қызметіне Қордың Қамқоршылық кеңесіне ақпарат бере отырып, 2024 жылға арналған аудит жоспарында бекітілген іс-шараларды іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастыру тапсырылды.

7. Ішкі аудит қызметінің басшысы - Даурия Беймбетовна Бугасова 2023 жылдың 3 және 4 тоқсанындағы жұмыс қорытындысы бойынша 1 (бір) лауазымдық жалақысы мөлшерінде сыйақы беру туралы шешім қабылданды.

Қамқоршылық кеңестің 12.02.2024 жылғы бетпе-бет отырысы (№51 хаттама).

1. «Тұсау кесер» қайырымдылық жобасы бойынша мониторингтік есеп назарға алынды.

2. «QH «Тұсау кесер» қайырымдылық жобасы бекітілді: 2 кезең (8 аймаққа дейін кеңейту).

3. «Тірек-қимыл аппараты бұзылған балалардың роботтандырылған құралдармен (экзоскелеттермен) қамтамасыз ету» қайырымдылық бағдарламасы бойынша қорытынды есеп бекітілді.